

**«8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Асыл Мөлдір Бақытжанқызының «ҚХР-ның модернизациясы жағдайында «сяокан» қоғамын құру үдерісі»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПКІРІ**

<b>p/h №</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация ұзак мерзімді «Қазақстан – 2050» стратегиялық жоспардың негізгі міндеттеріне, сонымен қатар 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының («Стратегиялық жоспар 2025») мақсаттарына сәйкес орындалды.
	Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 29 сәуір 2020 жылы макұлдаған 2020-2023 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басымдықтарына, атап айтқанда «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Зерттеу жұмысы қазақстандық ғылымға, оның ішінде шығыстану бағытының дамуына елеулі үлес қосады. Бұл диссертациялық жұмыста берілген мәселелер алғаш рет отандық ғылымдағы талдау ретінде ұсынылғандығына байланысты маңыздылығы айқындалады. Жұмыстың маңыздылығы жақсы ашылған: жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы толық қамтылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Жұмыстың өзіндік ерекшелігі мен ғылыми жаңашылдығы зерттеу дербестігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Жұмысты жазу барысында ғылыми нәтижелерге жету үшін ізденуші тақырыпқа қажетті материалдарды жинақтап, жүйелеп, ғылыми талдаулар жасаған. Автор алдыға қойылған мақсатқа жету үшін қытай тіліндегі материалдарды кеңінен сараптап, отандық тарихнамада алғаш рет «сяокан» тұжырымдамасын теориялық және практикалық түргыдан кешенді зерттеген.
4.	Ішкі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Ішкі бірлігі

принципі	<p>1) <u>негізделген</u>;      2) жартылай негізделген;      3) негізделмеген.</p>	<p>занды түрде сақталған. Қытайдың 1980-ші жылдардан басталған реформалар дәуірінде «сяокан» (орташа дәулетті) қоғамын құру үдерісін зерттеудің теориялық және практикалық өзектілігі жоғары. Ізденушілік жұмысында диссертант «сяокан» ұғымын зерттеп, Қытай модернизациясындағы рөлін ашқан. Өз тұжырымдары мен пікірлерін нақты мысалдармен көрсете отырып, Қытайдағы әлеуметтік-экономикалық дамудағы «сяокан қоғамын» құру үдерісін жан-жақты талдау жұмыстың өзектілігін айқындайды. Алынған нәтижелер бір-бірімен жүйелі байланыста қарастырылып, өзара сабактастық сипаттарын берік сақтаған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;      2) жартылай айқындайды;      3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны тақырыппен толықтай сәйкес және диссертацияда көтерілген мәселе бойынша сұрақтар қарастырылған. Жұмыс логикалық өзара байланысы бар кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.</p> <p>Мазмұна қатысты пікірім келесідей: екінші тараудың бірінші тараушасында «сяокан қоғамы» аясындағы «орта тап» мәселесі қысқаша көрсетілген, алайда осы тақырыпқа жеке бір тарауша арналғанда жұмыстың практикалық маңыздылығы арта түсер еді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;      2) жартылай сәйкес келеді;      3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және ұсынылған материалдар қойылған мақсат, міндеттерін айқындайды.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;      2) жартылай байланысқан;      3) байланыс жоқ</p>	<p>Теориялық және практикалық мәселелері, зерттеу жұмысының барлық бөлімдері, құрылымы қысынды, логикалық жағынан толық байланысқан. Қорғауға ұсынылған тұжырымдары пайымдалған мәлімдемелер болып келеді және өзара байланысты.</p>
5.	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;      2) талдау жартылай жүргізілген;      3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер сандық, сапалық және сынни талдау арқылы дәлелденіп, белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Автормен ұсынылған тұжырымдамалар дәлелді, ал басқа авторлардың қолданылған дәйек сөздері диссиденттүң тарапынан сынни пайымдауға және логикалық келісімге жатады.</p>
5.	Фылыми	5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып
		Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен

	<p>жаңашылдық принципі</p> <p>табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді: «сяокан» ұғымының Қытай модернизациясындағы рөлі анықталды; «сяокан қоғамының» индексі қарастырылып, әлеуметтік-экономикалық факторлары талданды; «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы мен басқарушы партия легитимділігі арасындағы байланыс айқындалды; «орташа дәuletті» қоғамды құрудың нәтижелері бағаланып, аталмыш үдерістің Қазақстан үшін үлгі болар тұстары анықталды.</p> <p>Диссертациялық зерттеу аясында алынған бұл ғылыми нәтижелер ғылыми жаңалыққа ие, себебі қазақстандық тарихнамада қарастырылған тақырып бойынша алғашқы зерттеу жұмысы болып табылады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	Жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары жартылай жаңа және негізделген болып табылады.
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	Рецензияланған диссертация әлеуметтік кадрлар даярлау бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдеріне байланысты бұл жерде жұмысты бағалаудың осы критерийі қолданылмайды
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі тұжырымдары, барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде жақсы негізделген. Олар мемлекеттік құрылымдардың құжаттары мен мәліметтерінен, статистикалық мәліметтерден, осы саладағы сарапшылардың бағалауынан тұратын көздерге сүйенеді.
7.	<p>Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p> <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>дәлелденді</u>;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <u>жок</u></li> </ol>	<p>Бірінші тұжырым: «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы өзінде өркениеттік бірегейлікті сактаған және қытайлық ұлттық мұдделерге негізделген модернизацияны жүзеге асырудың аймақтық моделі болып табылады. Бұл тұжырымдама ғылыми-теориялық, саяси-бағдарламалық және практикалық тұрғыдан қарастыруға болатын, Қытайдың әлеуметтік-экономикалық даму бойынша стратегиясының маңызды құраушы бөлшегі.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жок</p> <p>7.3 ия, жаңа</p>

	<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	<p>7.4 қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 ия, автордың әр мақаласында ішінара дәлелденген.</p> <p><b>Екінші тұжырым:</b> «Сяокан» тұжырымдамасы тарихи тұрғыдан «сяокан отбасы», «сяокан қоғамы» және «жан-жақты сяокан қоғамы» эволюциясынан өтіп, Қытайдың модернизациялану дәрежесіне сәйкес интерпретацияланды. Мемлекеттің шынайы саяси мақсаттарымен тығыз байланыстырылған тұжырымдама Қытайда орын алған саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге тікелей әсер етті. «Сяокан қоғамын» құру үдерісінің мазмұны ҚКП басшылығының социалистік модернизацияға деген көзқарасы негізінде ЖІӨ-ді еселеу, кедейлікті жою және халықтың әл-ауқатын көтеру тұрғысынан анықталды.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия, жаңа</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 ия, автордың «Historical significance and current state of the "xiaokang society" creation in the People's Republic of China» // ҚазҰУ Хабаршысы: шығыстану сериясы - 2021. - №3 (98). - 112-119 б. мақаласында дәлелденген.</p> <p><b>Үшінші тұжырым:</b> «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасында модернизация бірінші кезекте экономикалық өсім тұрғысынан түсініліп, алдыңғы орынға экономикалық өсімнің сандық көрсеткіштері қойылды. «Сяокан қоғамы» теориясын дамыта және жүзеге асыра отырып, тұжырымдаманың мазмұны кеңейе түсті және сандық даму сапалық дамуға ауысып, рухани даму, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы, адамның өз ішіндегі үйлесімділік алдыңғы қатарға шығарыла бастады. Қытай басшылығы тек экономикалық даму мәселелеріне ғана емес, сонымен қатар саяси, мәдени, әлеуметтік және экологиялық мәселелерге де көніл аударды. Яғни даму динамикасының өсімімен қатар «сяокан» стандарттары мен көрсеткіштері де жоғарылап отырды.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия, жаңа</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 ия, автордың «Xiaokang – the Chinese Model of Development» // ҚарМУ Хабаршысы: тарих, философия сериясы – 2022. - №2</p>
--	---	--

(106). - 36-42 б мақаласында дәлелденген.

**Төртінші тұжырым:** ҚКП билігінің легитимділігі әлеуметтік-экономикалық дамуға тікелей байланысты болғандықтан, «сяокан қоғамын» құру идеясы дамудың әлеуметтік аспектілеріне екпін қоюдан бөлек, билікті партиялық элита қолында сақтап қалуға да бағытталған. Астарында саяси мотив жатқан «сяокан қоғамын» құру үдерісі барысында ҚКП партия-мемлекет ретінде жүйе қалыптастыруши рөл атқарып, оның қызметі күрделене түсті және тиімділігі артты.

7.1 дәлелденді

7.2 жоқ

7.3 ия, жаңа

7.4 қолдану деңгейі кең

7.5 ия, автордың «От Общества "Сяокан" К Обществу "Всеобщей Зажиточности": Развитие Политики Китайской Народной Республики По Искоренению Бедности» // Oriental Studies, Publisher: Kalmyk Scientific Centre of Russian Academy of Sciences, Q1, SJR 0,23. –2022. –Volume 15, Issue 4. - 636–648 p. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-61-4-636-648 мақаласында ішінара дәлелденген.

**Бесінші тұжырым:** Кедейлікті жою – «сяокан қоғамын» құру үдерісінің маңызды құраушы бөлігі болып табылады. Кедейлікпен күрестің қытайлық тәсілі екі негізде жүргізілді: табыстардың деңгейін көтеруге бағытталған экономикалық реформалар мен үкімет, нарық және қоғам арасындағы тығыз байланыс негізінде қалыптасқан институционалды модель. Кедейлікті жою ісінде ҚХР үлкен жетістіктерге жеткенімен, кедейліктің ауылдық аймақтардағы абсолютті түрін ғана жойды. Салыстырмалы кедейлік әлеуметтік саланың өзекті мәселесі болып қала беруде. «Сяокан қоғамы» құрылышы аяқталған соң курес моделі күрестен жетken нәтижелерді бекітуге, абсолютті кедейлікпен күрестен салыстырмалы кедейлікпен күресуге, қарқынды күрестен сапалы күреске қарай өзгермек.

7.1 дәлелденді

7.2 жоқ

7.3 ия, жаңа

7.4 қолдану деңгейі кең

7.5 ия, автордың «Сяокан қоғамын құру барысындағы кедейлікпен курес: қытайлық тәжірибе» // ҚазҰПУ Хабаршысы: тарихи және

	<p>әлеуметтік-саиси ғылымдар сериясы – 2022. - №2 (73). - 111-122 б. мақаласында ішінара дәлелденген.</p> <p><b>Алтыншы тұжырым:</b> «Сяокан қоғамын» құру үдерісінің нәтижелерін талдау мақсаттық көрсеткіштердің сандық параметрлері орындалғанымен, сапалық параметрлері толыққанды орындалмағандығын көрсетті. Экономикалық даму, кедейлікпен күрес саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізілгенімен, теңгерімді даму, табыстар айырмашылығы, экология мәселелері тиісті шешімін таппады. «Сяокан қоғамы» бұл – статикалық тұжырымдама емес, керісінше дамудың үздіксіз үдерісін білдіретін тарихи өтпелі сипаттағы тұжырымдама. «Сяокан қоғамы» құрылыш болған соң да Қытай реформалар мен дамуды ары қарай жалғастыра бермек. Тұрақты негізде табыстар мен ресурстардың тенденстірілген бөлінуіне қол жеткізу болашақ күн тәртібінің негізгі мәселесі болмақ. Бұл 14-ші бесжылдық жоспарында және Си Цзиньпин жариялаган «ортак баю» мақсатында көрініс тапты.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия, жаңа</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 ия, автордың «От Общества "Сяокан" К Обществу "Всеобщей Зажиточности": Развитие Политики Китайской Народной Республики По Искоренению Бедности» // Oriental Studies, Publisher: Kalmyk Scientific Centre of Russian Academy of Sciences, Q1, SJR 0,23. –2022. –Volume 15, Issue 4. - 636–648 р. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-61-4-636-648 мақаласында дәлелденген.</p> <p><b>Жетінші тұжырым:</b> Қытайдың «сяокан қоғамын» құру үдерісінің Қазақстан үшін ұлгі болар тәжірибесін саралау бұл елдің дамуы тарихи, мәдени-өркениеттік факторлар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың селбесуіне негізделгендігін көрсетті. Осы тұрғыдан қарағанда, Қазақстан дамудың стратегиясын құрастыруда ұлттық мәдениеттің философиялық негіздерін, ерекшеліктерін және қоғамның қажеттіліктерін жан-жақты қарастырып, есепке алса, реформалардың негізгі бағыты мен ақтық мақсаты бойынша қоғамдық консенсустың мықты іргетасын қалыптастырмак.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p>
--	--

			7.3 ия, жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 ия, мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u></p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген және кіріспе бөлімінде толықтай сипатталған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, сипаттамалық, статистикалық талдау әдістері мен жинақтау, жіктеу тәсілдері қолданылған.</p> <p>Зерттеу жұмысында автор ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін, деректерді өндөу және түсіндіру әдістерін қолданы.</p> <p>Барлық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар дәлелденген және негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді. Диссертацияда модернизацияның қытайлық үлгісі, қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру, «сяокан» қоғамын құру мәселелеріне қатысты тарихи, экономикалық, әлеуметтанушылық еңбектер, Қытай Коммунистік партиясының құжаттары, шет елдік ғылыми еңбектер, Scopus деректер қорына енетін журналдарда және Қытайдың үлттық білім инфрақұрылымы (CNKI) платформасында жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.</p> <p>Тақырыпқа сай пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі сапалы әдеби шолуға жеткілікті әрі нақты. Жұмыста отандық, батыстық және қытайлық авторлардың еңбектерінен және пайдаланылған дереккөздердің тізімі берілген.</p>
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Ия, диссертацияның теориялық маңызы зор. Зерттеудің теориялық

	құндылық принципі	1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	негізі Қытайда «орташа дәүлетті» қоғам қуру мәселесі бойынша қытайлық және шетелдік ғалымдардың іргелі ғылыми еңбектері болып табылады. Қытайлық модернизация мәдени релятивизм мен көптік заманауылқ теориялары тұрғысынан қарастырылған. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдар мен қағидалар келешекте басқа да ғылыми зерттей жұмыстарында қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және зерттеу барысында алынған нәтижелер Қытайдың ішкі саясатын зерттеушілер үшін пайдалы, сондай-ақ жоғарғы оқу орындарында білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында қолданылуы мүмкін.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссиденттың зерттеу барысында жасалған тәжірибе үшін берілген ұсыныстарының жаңалық деңгейі жартылай жаңа болып табылады және дәлелді. Ұсыныстар кең көлемді ғылыми әдебиеттерге, ресми құжаттардың мен статистикалық мәліметтерге негізделгендерін байқауға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Ғылыми баяндау стилі толығымен қамтамасыз етілген. Диссертация сөзсіз ғылыми қызығушылық тудырады, нақты материалдарға бай сауатты жазылған жұмыс болып табылады.

Шептімі: Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, жалпы зерттеу жұмысы өзіндік тың тақырыпқа жазылған және алдына қойған негізгі мақсатына жеткендіктен, докторант Асыл Мәлдір Бақытжанқызына «8D02209 - Шығыстану» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

Ресми рецензент:

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институты,  
бас ғылыми қызметкер,

т. ғ. к., доцент



Ж. Ошан

Күні 27.10.2023 ж.